

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысы.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз.

Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымы бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың құрылымын жылына 1 реттен көп емес, мына:

1) қажетті құрылымдық бөлімшелерді құру;

2) осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымымен көзделген құрылымдық бөлімшелерді қосу, біріктіру, бөлу жолымен өзгерту құқығы берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 420 қаулысымен

3. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, облыс әкімінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың құрылымын жылына 1 реттен көп емес, мына:

1) қажетті құрылымдық бөлімшелерді құру;

2) осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымымен көзделген құрылымдық бөлімшелерді қосу, біріктіру, бөлу жолымен өзгерту құқығы берілсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері осы қаулының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тиісті құрылымдық бөлімшелерді құру, қайта ұйымдастыру кезінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен өзге де мүдделі орталық мемлекеттік органдарды хабардар етсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 420 қаулысымен.

5. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 420 қаулысымен.

7. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген кезден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 18 маусымдағы
№ 608 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымы

Ескерту: Құрылымға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.01.2014 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 1397 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 948 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.12.2023 № 1117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі

1. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты
2. Сәулет және қала құрылысы басқармасы
3. Ішкі саясат басқармасы
4. Денсаулық сақтау басқармасы
5. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
6. Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы
7. Тілдерді дамыту басқармасы
8. Білім басқармасы, сондай-ақ аудандарда, қалаларда немесе облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы аудандарда, астанада орналасқан, оған есеп беретін және оның бақылауындағы білім бөлімдері
9. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы
10. Кәсіпкерлік басқармасы
11. Индустриялық-инновациялық даму басқармасы

12. Құрылыс басқармасы
13. Экономика және қаржы басқармасы
14. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы
15. Жер қатынастары басқармасы
16. Дене шынықтыру және спорт басқармасы
17. Жастар саясаты мәселелері басқармасы
18. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
19. Дін істері басқармасы
20. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.01.2014 № 37 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
21. Ауыл шаруашылығы басқармасы
22. Тұрғын үй инспекциясы басқармасы*
23. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы
24. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы
25. Жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы

Аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдігі

1. Аудан, облыстық маңызы бар қала әкімінің аппараты
 2. Ішкі саясат бөлімі
 3. Сәулет және қала құрылысы бөлімі
 4. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі
 5. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
 6. Жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі
 7. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
 8. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 948 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
 9. Кәсіпкерлік бөлімі
 10. Дене шынықтыру және спорт бөлімі
 11. Экономика және қаржы бөлімі
 12. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
 13. Тұрғын үй инспекциясы бөлімі
- * тек республикалық маңызы бар қала, астана үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 18 маусымдағы
№ 608 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2255 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 3, 29-құжат) 1-тармағының 1) тармақшасы.

3. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № 695 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 1006 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 1204 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 57, 820-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 874 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 61, 832-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 тамыздағы № 1053 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2009 жылғы 23 қазандағы №

1654 және "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 1436 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 79, 1162-құжат) 1-тармағының 1) тармақшасы.

9. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы № 1654 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі № 337 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК